«Келісілді»
Қызылорда қаласы бойынша
білім бөлімінің басшысы
_____ Е.Т.Боданов
«___» _____ 2024 ж.

«Бекітемін»
С.Сейфуллин атындағы
№ 4 ІТ мектеп-лицейінің директоры
_____ А.Б.Рахметов
«___» _____ 2024 ж.

2024 – 2029 жылдарға арналған мектептің даму жоспары

БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Атауы	2024 -2029 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.(№ 319 27.07.2007 ж) 2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ 3. ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы 2.Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.
Негізгі әзірлеуші	С.Сейфуллин атындағы №4 IT мектеп-лицейінің әдістемелік кабинеті
Мақсаттары	2024-2029 жылдарға арналған тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу және STEM білім беруді жүзеге асыру. Цифрлық сауаттылықты қамтамасыз ету.
Міндеттері	• Әрбір білім алушының жеке қабілеті мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету; • STEM бағытындағы оқытуды дамыту, білім алушылардың зерттеушілік, инженерлік және цифрлық дағдыларын қалыптастыру; • Оқу үдерісін заманауи оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету және тиімді оқыту тәсілдерін енгізу; • Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды уақтылы анықтап, сараланған оқыту мен жеке қолдау арқылы жою; • Мектептің цифрлық инфрақұрылымын жетілдіру және цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану; • Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытып, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін арттыру; • Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуына жағдай жасау; • Мектептің материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен жаңарту және оқу кабинеттерінің жабдықталуын жетілдіру; • Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, инновациялық тәжірибелерді меңгеруін және оқытуда қолдануын қолдау; • Білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қолдайтын қауіпсіз, жайлы және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер	• Әрбір білім алушының жеке қабілеті мен білім алу қажеттіліктеріне сәйкес сапалы білім алу мүмкіндіктері кеңейеді; • STEM бағытындағы жобалар жүйелі іске асырылып, білім алушылардың зерттеушілік, инженерлік және цифрлық дағдылары дамиды; • Оқу үдерісінде заманауи оқу-әдістемелік материалдар мен тиімді оқыту тәсілдерінің қолданылуы артады; • Сараланған оқыту мен жеке қолдау нәтижесінде білім алушылардың біліміндегі олқылықтар азайып, оқу жетістіктері жақсарады; • Мектептің цифрлық инфрақұрылымы жетілдіріліп, цифрлық білім беру ресурстарының қолжетімділігі мен пайдалану тиімділігі артады; • Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы артып, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілеті қалыптасады; • Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттері дамып, рухани-адамгершілік құндылықтары мен салауатты өмір салты дағдылары нығаяды; • Мектептің материалдық-техникалық базасы кезең-кезеңімен жаңартылып, оқу кабинеттерінің жабдықталу деңгейі жақсарады; • Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі артып, инновациялық тәжірибелерді оқытуда тиімді қолдану аясы кеңейеді; • Мектепте білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қолдайтын қауіпсіз, жайлы және инклюзивті білім беру ортасы қалыптасады.
Іске асыру мерзімдері	2024-2029 жылдар

Кіріспе

Мектеп жұмысының негізгі бағыттары — оқушылардың өздігінен білім алу, заманауи технологиялар мен STEM дағдыларын тәжірибеде қолдану қабілеттерін дамыту; оқушылар мен педагогтердің білімін жетілдіру және танымдық белсенділігін арттыру үшін цифрлық білім беру платформаларын тиімді пайдалану.

Білім сапасын арттыру мақсатында пәндердің оқытылу жағдайы тоқсан сайын зерделеніп, БЖБ, ТЖБ, тестілеу және тақырыптық бақылау нәтижелері педагогикалық кеңестер мен әкімшілік отырыстарда талқыланады. Оқушыларды пәндік олимпиадалар мен зияткерлік сайыстарға даярлау, дарынды балалармен жұмысты жыл бойы үйлестіру, оқушылар мен педагогтердің байқауларға қатысуын қолдау және жетістіктерін есепке алу жүйелі жүргізіледі.

I. Бағдарламаның мақсаты

2024–2029 жылдарға арналған бағдарламаның мақсаты — жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, инновациялық оқыту тәсілдері арқылы білім сапасын арттыру және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Оқу-тәрбие үдерісі әр оқушының даярлық деңгейін, қабілеті мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылады. Сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігі оқушылардың білімді меңгеруі, тәжірибеде қолдануы және жеке ілгерілеуі арқылы бағаланады. Бағдарламаны іске асыруда педагогтер мен ата-аналардың ұсыныстары ескеріледі.

II.Даму жоспарының негізгі бағыттары

- Педагогикалық диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау, әр баланың қабілеті мен қажеттіліктерін анықтау және өздігінен білім алуына қолдау көрсету;
- Оқушылардың дарындылығын, шығармашылық қабілеттері мен зерттеушілік дағдыларын дамыту;
- Оқыту мазмұны мен оқу жетістіктерін жүйелі талдау негізінде тиімді әдіс-тәсілдерді енгізу;
- Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуетін арттыру, озық тәжірибелерді тарату;
- Теориялық білімді тәжірибеде қолдануға бағытталған тапсырмалар мен STEM жобаларын оқу үдерісіне енгізу;
- Оқушылардың жалпы оқу дағдыларын жыл сайын, пәндік дағдыларын тоқсан сайын зерделеп, нәтижесіне сәйкес қолдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Сабақ тақырыптарына сай шағын зерттеу жобаларын орындату, мектепішілік ғылыми жобалар көрмесін өткізу және үздік жұмыстарды тиісті кезеңдердегі байқауларға ұсыну;
- Оқушыларды ғылыми-техникалық, өнертапқыштық және робототехника бағытындағы сайыстарға жүйелі даярлау;
- Пәнаралық байланысты нығайтып, сабақтар мен тәрбиелік іс-шараларда білім мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету;
- Сабақтарды бақылау мен диагностикалық талдау нәтижелерін оқыту сапасын жақсартуға пайдалану, емтихан және қорытынды аттестаттау нәтижелерін педагогикалық кеңес пен әдістемелік бірлестік отырыстарында қарау;
- Оқушылардың талдау, салыстыру, негізгі ойды анықтау, топтау, жүйелеу, дәлелдеу және қорытынды жасау дағдылары арқылы функционалдық сауаттылығын арттыру.

III.Даму жоспарының кезеңдері

2024-2025	***1-кезең .Диагностикалық- болжамдық және әдістемелік.*** Мектептің бастапқы жағдайын талдау және даму жоспарын әзірлеу. Білім беру мен тәрбие бағдарламаларын дайындау, сынақтан өткізу және енгізу. Оқу жоспары мен бағдарламалардың орындалуын ұйымдастыру. Педагогтерге үздіксіз әдістемелік және психологиялық қолдау көрсету жүйесін қалыптастыру. Оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық диагностика арқылы анықтау, нәтижелерін талдау және деректер қорын құру.	Мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестік жетекшілері, әлеуметтік педагог, аға тәлімгер, педагог-психолог, педагогикалық ұжым.
2025-2027	***2-кезең. Ұйымдастырушылық - практикалық.*** Даму жоспарының іс-шараларын жүзеге асыру, орындалу барысын бақылау және нәтижелеріне сәйкес түзетулер енгізу. Білім беру үдерісін жетілдіру және білім сапасын басқару. Педагогтердің ғылыми-әдістемелік деңгейін, кәсіби құзыреттілігі мен шеберлігін арттыру, инновациялық оқыту технологияларын тәжірибеге енгізу. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізу. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бағдарламасы аясында патриоттық сезімді, азаматтық жауапкершілікті, мәдени және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; ұрпақтар сабақтастығын нығайту, ұлттық болмыс пен ана тіліне құрметті дамыту.	Мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестік жетекш.ілері, педагогикалық ұжым, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес, әлеуметтік педагог, аға тәлімгер, педагог-психолог, сынып жетекшілері
2028-2029	***3-кезең. Талдамалық - қорытындылау.*** Оқу-тәрбие жұмысы мен мектептің даму нәтижелерін талдау, сараптамалық бағалау және қорытынды есеп әзірлеу. Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтердің авторлық бағдарламалары мен әдістемелік материалдарын жинақтап, озық тәжірибелерін тарату. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар жинағын әзірлеу. Қорытынды нәтижелер негізінде мектеп дамуының келесі кезеңіне ұсыныстар дайындау.	Мектеп әкімшілігі

Мектептің 2023–2024 оқу жылындағы қызметін талдау: ағымдағы жағдайы, ішкі даму әлеуеті және сыртқы мүмкіндіктері

Оқу жылы	I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IY тоқсан		Жылдық	
	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі
2023-2024	47%	100%	50,6%	100%	55,3%	100%	57%	100%	56%	100%

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына түскен 9,11- сынып түлектерінің үлесі

Негізгі мектепті бітірушілер үлесі

Жылдар	Барлық оқушы	Үздік куәлік	Арнаулы орта оқу орнына орналасуы
2023-2024	92	6	27

Жалпы мектеп бітірушілер үлесі

Жылдар	Барлық бітірушілер	Алтын белгі	Үздік аттестат	Грант
2023-2024	40	1	3	30

Ұлтты біріңғай тестілеу нәтижесі

Жылдар	Барлық бітірушілер	ҰБТ-ға қатысқаны	Орташа балл	Грант саны
2023-2024 I кезең	40	39	75%	30

Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
STEM оқыту технологиясын меңгерген педагогтердің болуы және ұжымда тәжірибе алмасуы. Lesson Study тәсілі арқылы сабақтарды бірлесіп жоспарлау, бақылау және талдау тәжірибесінің қалыптасуы. Біліктілік санаты жоғары және біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің болуы.	Жекелеген педагогтердің пәндік-теориялық білімін және заманауи оқыту әдістерін қолдану дағдыларын жетілдіру қажеттілігі. Курстарда меңгерген білім мен әдістерді сабақта жүйелі қолданудың жеткіліксіздігі. Педагогтердің зерттеушілік және инновациялық қызметке қатысу деңгейінің әркелкілігі.	Біліктілікті арттыру ұйымдарымен және жоғары оқу орындарымен кәсіби ынтымақтастық орнату. STEM және Lesson Study бағыттары бойынша мектепаралық тәжірибе алмасу желілеріне қатысу. Сыртқы білім беру платформалары мен кәсіби қауымдастықтардың ресурстарын пайдалану.	Сапалы біліктілікті арттыру бағдарламалары-на қолжетімділіктің шектелуі.Еңбек нарығындағы бәсекеге байланысты білікті педагогтердің басқа білім беру ұйымдарына ауысуы. Білім беру технологияларының жылдам жаңаруы салдарынан педагогтердің кәсіби дағдыларын үздіксіз жетілдіру қажеттілігінің артуы.
Материалдық-техникалық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Заманауи жабдықтармен қамтылған пән кабинеттері мен компьютерлік сыныптардың болуы. Оқу кабинеттерінің интернет желісіне қосылуы. Білім алушылардың спортпен айналысуына және тамақтануына жағдай асалуы.	Барлық оқу кабинеттерінің интерактивті тақталармен толық қамтамасыз етілмеуі. Жекелеген интерактивті құрылғылардың жиі істен шығуы. Құрылғыларға техникалық қызмет көрсету және оларды уақытылы жаңарту қажеттілігі.	Материалдық-техникалық базаны жаңартуға арналған қаржыландыру бағдарламаларына қатысу. Демеушілермен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық арқылы қосымша жабдықтар тарту. IT және STEM бағыттарын дамыту үшін технологиялық ұйымдармен әріптестік орнату	Компьютерлік техника, интерактивті жабдықтар және оларды жөндеу құнының өсуі. Жабдық тарды жеткізу мен сервис тік қызмет көрсету мерзімдерінің кешігуі. Интернет провайдері немесе электрмен жабдықтау желісі тарапынан болатын

			үзілістер. Технологиялардың жылдам жаңаруына байланысты қолданыстағы жабдықтардың ескіруі.

Ақпараттық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Педагогтердің цифрлық білім беру платформаларында жұмыс істеу құзыреттіліктерінің артуы. Мектептің интернет желісіне қосылуы және электрондық журнал мен күнделік жүйелерінің қолданылуы. Білім сапасына мониторинг жүргізуде электрондық деректердің пайдаланылуы. Мектеп пен отбасы арасындағы ақпарат алмасудың цифрлық арналар арқылы жүзеге асырылуы.	Мектеп сайтының жүйелі жаңартылмауы және ақпараттық мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы. Мектепішілік басқару үдерістері мен ақпарат алмасуды автоматтандырудың жеткіліксіздігі. Ата-аналар мен білім алушылардың мектептің ақпараттық ресурстарын пайдалануға тартылу деңгейінің төмендігі.	Ашық білім беру ресурстарын, электрондық кітапханалар мен интерактивті платформаларды пайдалану. Педагогтердің желілік кәсіби қауымдастықтарға қатысуы және цифрлық тәжірибе алмасуы. Электрондық оқу материалдарын әзірлеуге арналған сыртқы сервистер мен әдістемелік ресурстардың қолжетімділігі. Цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған сыртқы оқыту бағдарламаларына қатысу.	Интернет байланысы мен сыртқы білім беру платформаларының жұмысындағы үзілістер. Кибершабуылдар, интернет-алаяқтық және дербес деректердің таралу қаупі. Жекелеген отбасыларда интернетке немесе цифрлық құрылғыларға қолжетімділіктің шектеулі болуы. Сыртқы цифрлық сервистердің ақылы қызметке ауысуы немесе пайдалану шарттарының өзгеруі.

Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Әдістемелік кеңестің, пәндік әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топтардың жұмыс істеуі. Сертификатталған педагогтердің желілік қоғамдастығы арқылы тәжірибе алмасудың жүзеге асырылуы. Мектепішілік коучингтер мен тәлімгерлік арқылы педагогтердің кәсіби дамуына қолдау көрсетілуі. Педагогтердің әдістемелік және дидактикалық материалдар әзірлеуі	Дарынды білім алушылармен жүйелі жұмыс жүргізуге және олимпиадалық резервті даярлауға уақыттың жеткіліксіз бөлінуі. Педагогтердің озық тәжірибесін облыстық және республикалық деңгейлерде тарату жұмысының жеткіліксіздігі. Кәсіби шеберлік байқаулары мен педагогикалық олимпиадаларға қатысу нәтижелілігінің төмендігі. Педагогтердің бірлескен зерттеу жұмыстарына қатысу белсенділігінің әркелкілігі.	Өңірлік және республикалық кәсіби қауымдастықтар арқылы әдістемелік тәжірибе алмасу. Жоғары оқу орындарымен және әдістемелік орталықтармен бірлескен зерттеулер мен инновациялық жобаларды іске асыру. Дарынды білім алушыларды даярлауда сыртқы мамандардың кеңестері мен оқу ресурстарын пайдалану. Педагогтердің тәжірибесін кәсіби басылымдарда, конференциялар мен байқауларда таныстыру.	Сыртқы кәсіби қауымдастықтар мен серіктес ұйымдардың белсенділігі төмендеген жағдайда бірлескен жұмыстардың баяулауы. Сапалы әдістемелік бағдарламалар мен ғылыми кеңес беру қызметтеріне қолжетімділіктің шектелуі. Тексерілмеген әдістемелік материалдардың таралуы және олардың оқыту тәжірибесіне ену қаупі.
Білім беру мазмұнын іске асыру			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Lesson Study тәсілі арқылы сабақтарды бірлесіп зерттеу және оқыту тәжірибесін жетілдіру. Білім алушылардың оқу жетістіктеріне жүйелі мониторинг жүргізу және нәтижелерін талдау.	Жекелеген педагогтердің оқытудың жаңа тәсілдерін қабылдауға және тәжірибеге енгізуге дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі. Мониторинг нәтижелерін оқытуды саралау мен білімдегі олқылықтарды жоюға бағытталған жұмыста толық пайдаланбау.	Жоғары оқу орындарының оқытушыларымен ынтымақтастықты кеңейту арқылы пәндік және әдістемелік қолдау алу.Серіктес білім беру ұйымдарының тиімді тәжірибелерін зерделеу және бірлескен оқу жобаларын жүзеге асыру.	Жекелеген отбасыларда баланың оқуына қолдау көрсету мүмкіндіктері - нің шектеулі болуы. Ата-аналардың білімдегі олқылықтарды жоюға бағытталған бірлескен жұмысқа қатысу белсенділігінің төмендігі.

Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Оқушылардың білім сапасының жыл сайын артуы, оқу нәтижелерінің оң динамикасы. Қорытынды аттестаттау мен ҰБТ нәтижелерінің оң көрсеткіштері.	Бастауыш сыныптарда оқушылардың білімін бағалау объективтілігінің жеткіліксіздігі. 8–9-сыныптарда математика, орыс тілі және қазақ тілі пәндері бойынша білім сапасының төмендеуі. Оқу олқылықтарын жоюға бағытталған жеке және сараланған жұмыстың жеткіліксіздігі. Оқушыларды зерттеу және жобалау жұмыстарына тартудың жеткіліксіздігі. Республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларға қатысудың жеткіліксіздігі.	Ата-аналардың балалардың білім сапасын арттыруға мүдделілігін мектеппен бірлескен жұмысты дамытуға пайдалану. Жоғары оқу орындарымен, қосымша білім беру ұйымдарымен және IT орталықтарымен әріптестік орнату арқылы оқушылардың зерттеу және жобалау мүмкіндіктерін кеңейту.Сыртқы білім беру платформалары мен онлайн курстар арқылы оқушылардың жеке білім алу бағыттарын қолдау. Республикалық және халықаралық олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына қатысу мүмкіндіктерін пайдалану.	Интернеттегі дайын жауаптар мен жұмыстардың қолжетімділігі салдарынан бағалау кезінде академиялық адалдықтың бұзылу қаупі. Тексерілмеген немесе сапасыз интернет ресурстарының оқушылардың білім алуына кері әсер етуі. Сыртқы олимпиадалар мен конкурстар кестелерінің қабаттасуы салдарынан қатысу мүмкіндіктерінің шектелуі.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жекетұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Жеке тұлға «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы арқылы тәрбиеленеді Тәрбие жұмысының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталуы. Мектеп дәстүрлерінің қалыптасуы, ата-аналардың мектептік іс-шараларға қатысуы. Ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің жұмыс істеуі. Қосымша қолдауды қажет ететін білім алушылармен профилактикалық жұмыстардың жүргізілуі. Қала мекемелерімен әлеуметтік әріптестіктің болуы.	Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының мектеп өміріне қатысты шешімдер қабылдауға қатысуының жеткіліксіздігі. Білім алушылардың бастамаларын қолдау және іске асыру тетіктерінің толық қалыптаспауы. Оқушыларды қоғамдық пайдалы қызметке тартудың біркелкі болмауы.	Жастар ұйымдарымен, мәдениет мекемелерімен және қоғамдық бірлестіктермен әріптестікті кеңейту. Қалалық және өңірлік дебат, кітап оқу, волонтерлік және азаматтық бастамалар жобаларына қатысу. Ата-аналар қауымдастығының тәжірибесі мен әлеуетін тәрбие жұмысына тарту. IT саласының мамандарымен бірлескен әлеуметтік жобалар арқылы оқушылардың цифрлық мәдениеті мен жауапкершілігін дамыту	Интернеттегі зиянды контенттің, жалған ақпараттың және кибербуллингтің ықпалы. Әлеуметтік желілерде таратылатын теріс мінез-құлық үлгілерінің оқушылардың құндылықтық бағдарларына әсері. Отбасы мен мектептің тәрбиелік талаптарының сәйкес келмеуі. Оқушылардың қауіпті онлайн қауымдастықтардың ықпалына түсу қаупі.

Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Қауіпсіз және денсаулықты сақтауға қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ету жұмыстарының ұйымдастырылуы. Дене шынықтыру сабақтары мен сауықтыру іс-шараларының өткізілуі. Медициналық қызмет пен психологиялық-педагогикалық қолдаудың ұйымдастырылуы. Оқушылардың денсаулық жағдайын бақылау жүйесінің болуы. Ыстық тамақтанудың ұйымдастырылуы.	Кейбір оқушылардың күнделікті қозғалыс белсенділігінің жеткіліксіздігі. Жекелеген білім алушылардың дене шынықтыру және спортпен айналысуға ынтасының төмендігі. Оқушылардың спорт секциялары мен сауықтыру бағытындағы үйірмелерге жеткіліксіз тартылуы. Сабақта және үзілісте қозғалыс белсенділігін арттыру мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы.	Спорт мектептерімен, клубтармен және сауықтыру орталықтарымен әріптестік орнату. Қолжетімді қалалық спорт алаңдары мен демалыс орындарын пайдалану. Медицина мамандарын оқушылар мен ата-аналарға арналған ағартушылық кездесулерге тарту. Әлеуметтік серіктестердің қолдауымен спорттық іс-шараларға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту.	Кейбір отбасыларда дұрыс тамақтану мен күнделікті қозғалыс дағдыларының жеткілікті қалыптаспауы. Отбасының қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты спорттық киім, құрал-жабдық және ақылы секцияларға қолжетімділіктің шектелуі. Мектептен тыс уақытта экран алдында ұзақ отыру мен қимыл-қозғалыстың азаюы. Ауа райы мен экологиялық жағдайлардың ашық ауадағы белсенділікке кедергі келтіруі.

Мектептің миссиясы: Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген қолайлы білім беру ортасында оқушылардың өз оқуын жоспарлау, реттеу және бағалау дағдыларын, зерттеушілік және цифрлық құзыреттерін дамыту арқылы білімін өмірде қолдана алатын, жауапты әрі шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Мектептің пайымы : Сапалы білімді, IT құзыреттерді және құндылыққа негізделген тәрбиені ұштастыратын, әр оқушының қабілетін ашуға мүмкіндік беретін, тиімді педагогикалық тәжірибесін өңір мектептеріне тарататын жетекші IT мектеп-лицейі болу.

С.Сейфуллин атындағы №4 IT мектеп-лицейді дамытудың нысаналы индикаторлары

№	Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі	Қала, аудан атауы	Есепті кезең	Жоспарлы кезең				
				2023-2024 *оқу жылы*	***2023-2024*** *оқу жылы*	***2024-2025*** *оқу жылы*	***2025-2026*** *оқу жылы*	***2026-2027*** *оқу жылы*	***2027-2028*** *оқу жылы*
				(қаңтар 2024ж.)	*(маусым 2024ж.)*		*оқу жылы*		
І міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру									
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары *(жоғары оқу орнынан кейінгі)* педагогикалық білімі педагогтердің үлесі	*пайыз*							
			№ 4м/л	***35%***	***45%***	***55%***	***65%***	***75%***	***85***
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің *(оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)* үлесі	*пайыз*							
			№ 4м/л	***92%***	***92%***	***93%***	***93%***	***94%***	***95%***
3	Педагог-шеберлердің, педагог-зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың *(жоғары және бірінші санатты педагогтердің)* педагогтердің жалпы санынан үлесі	*пайыз*							
			№ 4м/л	***64%***	***64%***	***69%***	***70%***	***71%***	***72%***

	(ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына сәйкес)								
4	Ғылыми/академиялық дәрежесі бар педагогтердің үлесі	*пайыз*	***№ 4м/л***	***11%***	***14%***	***19%***	***20%***	***21%***	***22%***

5	Толық жүктемемен *(16 сағат және одан жоғары)* қамтамасыз етілген педагогтер үлесі	*пайыз*							
			№ 4м/л	***84%***	***87%***	***89%***	***91%***	***91%***	***92%***
6	«Педагог» кәсіптік стандартына сәйкес, «Педагог-шебер» және «педагог-зерттеуші» санатты педагогтер санынан облыстық деңгейден кем емес нәтиже көрсетіп, тәжірибе таратып жүрген педагогтердің үлесі	*пайыз*							
			№ 4м/л	***12%***	***14,50%***	***17%***	***18%***	***19%***	***20%***
II міндет. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту және бухгалтерлік есепті жүргізу									
7	Білім беру ұйымдарының жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы *(ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес)*	*пайыз*	***№ 4м/л***	***50%***	***51%***	***51%***	***53%***	***55%***	***60%***
8	Кеңжолақты интернет қызметімен қамтылуы	*пайыз*							
			№ 4м/л	***72%***	***82%***	***82%***	***85%***	***85%***	***87%***
9	Мектепішілік компьютерлік желінің барлық оқу кабинеттерін қамту үлесі	*пайыз*							
			№ 4м/л	***75%***	***75%***	***78%***	***80%***	***82%***	***85%***
10	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім	*пайыз*							
			№ 4м/л	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***

	берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жағдай жасалу үлесі *(ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес, пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)*								
11	Білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендер, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі *(ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 , 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына сәйкес)*	*пайыз*	***№ 4м/л***	***22%***	22%	25%	28%	31%	34%
12	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар контингентіне сәйкес арнайы жағдайлардың болуы: - *кедергісіз ортаның болуы;* - *арнайы педагог, психологті қолдау;* *-ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін бос уақытты ұйымдастыру*	*жағдай жасалған мектеп саны*	***№ 4м/л***	***1***	***1***	***1***	***1***	***1***	***1***
13	Қолайлы жағдайлар мен қауіпсіз орта құру: - бейнебақылаумен қамтамасыз ету; - жаппай жиналатын орындарда	*қауіпсіз жағдай жасалған мектеп саны*	***№ 4м/л***	***1***	***1***	***1***	***1***	***1***	***1***

	балаларды бақылау және бақылау мүмкіндігі *(сәйкестік «Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысымен);* - істен шыққан камералардың болмауы; – басқа мемлекеттік органдар *(ішкі істер департаменті және төтенше жағдайлар департаменті)* тарапынан айыппұл санкцияларының болмауы								
14	Білім беру ұйымының ғимаратына кіруді бақылауды ұйымдастыру: -кіруді бақылау және басқару жүйесі *(турникеттердің болуы (қарапайым, бетті танумен, білезікпен, саусақ ізімен);* -ескерту жүйесінің болуы *(дабыл түймесі);* -күзет қызметі субъектілерінің болуы: күзетшілер, вахтерлер (*ауылдық жерлер үшін)*	*талапқа сай мектеп саны*	***№ 4м/л***	***1***	***1***	***1***	***1***	***1***	***1***
15	Бухгалтерліқбалансты әзірлеу (I жарты жылдық, жылдық),	*пайыз*	***№ 4м/л***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***

	талдамалық көрсеткіштерді, штаттық желі есебін ұсыну, статистикалық және салықтылық есептілікті жүргізу								
16	Қаржыландыру жоспарының өзгерістерін жасау кезінде тоқсан сайын талдау арқылы жүргізу және бюджеттік өтінімді нақты кезеңге сәйкес мониторингтеу	*пайыз*	***№ 4м/л***	***100%***	***90%***	***90%***	***90%***	***90%***	***90%***
17	Мектептерде қаржыландыру жоспарына сәйкес ай сайын қаржы игерудің мониторингін әзірлеп, өнім берушілермен есептесу жұмыстарын жүргізу	*пайыз*	***№ 4м/л***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***
III міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру									
18	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау *(көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттану көрсеткіші)*	*пайыз*	***№ 4м/л***	***90%***	***90%***	***92%***	***94%***	***96%***	***100%***
19	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау *(сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттану көрсеткіші)*	*пайыз*	***№ 4м/л***	***90%***	***90%***	***92%***	***94%***	***96%***	***100%***
20	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау *(білім*	*пайыз*	***№ 4м/л***	***90%***	***90%***	***92%***	***94%***	***96%***	***100%***

	алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттану көрсеткіші)								
IV міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту									
21	Білім беру ұйымының ашықтығы: - *ресми сайттың болуы;* - *әлеуметтік желідегі парақшаның болуы;* - *YouTube каналының болуы және ай сайын толықтырылуы*	*талапқа сай мектеп саны*							
			№ 4м/л	***1***	***1***	***1***	***1***	***1***	***1***
22	Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен басшы, басшы орынбасарларының үлесі	*пайыз*							
			№ 4м/л	***84%***	***84%***	***86%***	***88%***	***92%***	***93%***
V міндет. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру									
23	Оқу-тәрбие процесі кезінде білім беру ұйымының аумағында білім алушылардың, қызметкерлердің денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын жарақаттанудың тіркелген жағдайларының болмауы	*орын алған жағдайлар саны*							
			№ 4м/л	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***
24	Суицид және суицидке ұмтылыс жағдайларының болмауы	*орын алған жағдай-лар саны*							
			№ 4м/л	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***

25	Білім алушылар жасаған құқық бұзушылықтардың болмауы	*пайыз*							
			№ 4м/л	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***
26	Тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан балаларды, ішкі істер органдарында есепте тұрған балаларды қосымша біліммен қамту	*пайыз*							
			№ 4м/л	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***
27	Балалардың қатысуымен орын алатын буллинг жағдайларын болдырмау	*пайыз*							
			№ 4м/л	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***
28	Білім алушылардың мектепішілік қоғамдық бірлестіктерге қамтылу үлесі *(жас ұлан, жас қыран, оқушылардың ғылыми қоғамы және т.б.)*	*пайыз*							
			№ 4м/л	***20%***	***22,50%***	***27,50%***	***28,50%***	***29,50%***	***31%***
29	Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорт түрлерінен мектепішілік, аймақтық, қала/аудандық, облыстық жарыстар ұйымдастыру	*Спорт-тық іс-шаралар саны*							
			№ 4м/л	***23%***	***25%***	***30%***	***31%***	***32%***	***33%***
30	Қосымша біліммен қамтылған білім алушылар үлесі	*пайыз*							
			№ 4м/л	***51%***	***51%***	***54%***	***59%***	***62%***	***63%***
31	Азаматтық-патриоттық таным деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылатын қоғамдық шаралар оның ішінде оқушылардың өзін–өзі басқару	*пайыз*							
			№ 4м/л	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***

	және дебат қозғалысына тартылған білім алушылардың үлесі								
VI міндет. Білім сапасын бағалау									
32	Білім сапасының динамикасы *(«үздік», «жақсыға» оқитын оқушылар үлесі)*	*пайыз*	***№ 4м/л***	***51%***	***53,50%***	***58,50%***	***59,50%***	***60,50%***	***61,50%***
	«Алтын белгі» белгісін, «Үздік аттестат» алған және ҰБТ-дан 120 және одан жоғары балл жинаған түлектер саны	*мектеп бітіруші-лер саны*	***№ 4м/л***	***10***	***10***	***12***	***13***	***15***	***17***
33	ҰБТ-ға қатысушы түлектер үлесі	*пайыз*	***№ 4м/л***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***	***100%***
34	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына түскен түлектердің үлесі	*пайыз*	***№ 4м/л***	***30%***	***30%***	***33%***	***33%***	***40%***	***40%***
35	Жоғары оқу орындарына түскен түлектердің үлесі	*пайыз*	***№ 4м/л***	***75%***	***75%***	***80%***	***80%***	***82%***	***87%***
36	Облыстық, аудандық (қалалық), республикалық, халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары (жүлдегерлері) болған білім алушылардың саны	*жеңімпаз оқушылар саны*	***№ 4м/л***	***30%***	***30%***	***34%***	***40%***	***43%***	***45%***

	(ҚР ОАМ-нің бекіткен тізбесіне сәйкес):								
	Аудандық (қалалық) деңгей	*жеңімпаз оқушылар саны*	***№ 4м/л***	***18***	***18***	***23***	***26***	***28***	***30***
	Облыстық деңгей	*жеңімпаз оқушылар саны*	***№ 4м/л***	***2***	***2***	***2***	***3***	***4***	***5***
	Республикалық деңгей	*жеңімпаз оқушылар саны*	***№ 4м/л***	***1***	***1***	***2***	***1***	***2***	***3***
	Халықаралық деңгей	*жеңімпаз оқушылар саны*	***№ 4м/л***	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***	***0***
37	Мектепішілік бақылау жоспарларын іске асырудың тиімділігі *(«оң» қорытынды алған мектептер үлесі)*	*пайыз*							
			№ 4м/л	***45%***	***45%***	***51%***	***53%***	***55%***	***58%***
38	«Бір мектеп - бір жоба» конкурсына қатысатын мектептер үлесін арттыру *бағыттар бойынша әрбір мектептің өзінің таңдап, ұсынған жобасын жүзеге асыруы; мұғаліммен жұмыс, оқушымен жұмыс, нақты әзірленетін оқу бағдарламалары; жобаны дамыту бойынша сыртқа байланыс және т.б. жұмыстарды жүзеге асыруы*	*пайыз*	***№ 4м/л***	***0***	***0***	***25%***	***30%***	***35%***	***40%***
VII міндет. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу									
39	Кәсіби шеберлік	*жеңімпаз*							

	конкурстарының жеңімпаздары болған педагогтердің саны *(ҚР ОАМ-нің бекіткен тізбесіне және білім басқармасы мен білім бөлімдерінің жоспарына сәйкес):*	*Педагог-тер саны*	***№ 4м/л***	***8***	***8***	***11***	***14***	***17***	***20***
	Аудандық (қалалық) деңгей	*жеңімпаз педагог-тер саны*	***№ 4м/л***	***4***	***4***	***6***	***8***	***11***	***12***
	Облыстық деңгей	*жеңімпаз педагог-тер саны*	***№ 4м/л***	***1***	***1***	***2***	***3***	***5***	***6***
	Республикалық деңгей	*жеңімпаз педагог - тер саны*	***№ 4м/л***	***0***	***0***	***1***	***1***	***2***	***3***
	Халықаралық деңгей	*жеңімпаз педагог тер саны*	***№ 4м/л***	***0***	***0***	***0***	***0***	***1***	***1***
40	Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік кеңесімен келісілген әзірленген бағдарламалардың немесе оқу-әдістемелік кешендердің немесе әдістемелік ұсыныстардың/оқу құралдарының болуы	*ОӘК саны*							
			№ 4м/л	***40***	***40***	***45***	***53***	***55***	***63***
41	Эксперименттік бағдарламалар, пилоттық жобалар, инновациялық алаңдар, әлеуметтік/білім беру жобаларына қатысу үлесі	*пайыз*							
			№ 4м/л	***0***	***0***	***25%***	***25%***	***25%***	***25%***

42	Жоғары оқу орындарымен, басқа да ұйымдармен әлеуметтік әріптестік орнатқан мектептер саны	*мектеп саны*							
			№ 4м/л	***5***	***5***	***7***	***7***	***9***	***10***
43	Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	*пайыз*							
